

Тамыз айындағы №1 әдістемелік кеңестің

х а т т а м а с ы

Өтілген күні: 31.08.2021ж

Қатысуға тиісті: 16

Қатысқандар: 16

Тақырыбы: «Жоспарлар, нұсқаулықтар, ақпараттар»

Күн тәртібінде:

1. Мектептің жұмыс жоспарын таныстыру
2. 2021-2022 оқу жылына ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарын таныстыру
3. Әдістемелік- нұсқау хатпен таныстыру.
4. Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындау
5. Әдістемелік кеңес құрамын және әдістемелік кафедралар құрамын құру
6. Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру жоспары
7. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру
8. Инклюзивті орта мәдениетін қалыптастыру

I Тыңдалды

Гимназия директоры Г. Нурмагамбетова: 2021-2022 оқу жылына арналған «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-тәрбие жоспары» жасалды. Негізгі жұмыс бағыттары: Оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, Ғылыми – әдістемелік қамтамасыз ету, ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының» Тіл туралы заңын» жүзеге асыру жоспары, СӨС - салауатты өмір сүру, Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеруге бағытталған жұмыстар, Педагогикалық шеберлікті арттыру, озық педагогикалық тәжірибені тарату жұмыстары, Жас мамандармен жұмыс, Педагогикалық кадрлардың аттестациядан өтуін жоспарлау, Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру, Педагогикалық іс-әрекетті диагностикалау, Психологиялық жұмыстарды жүргізу, Бала дарындылығын дамыту, Тәрбие жоспары, «Жас Ұлан», «Жас қыран» ұйымдарының жүрісі, Тәлімгерлік жұмыс, Қосымша білім беруді жетілдіру, Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстар, Әскери-патриоттық тәрбие беру, Кітапханамен жұмыс, Кітапхана қорымен жұмыс, Педагогикалық кеңес жұмыстарын ұйымдастыру, Директор алды кеңес жұмыстарын ұйымдастыру, Сыбайлас жемқорлықты болдырмау, Терроризм мен Діни экстремизмін алдын алу, Білім олқылықтарын толтыру бағытындағы жұмыстар, Оқу-материалдық техникалық базаны нығайту. Жұмыс бағыттарна сәйкес өтетін іс-шаралар жауапты мамандарға таныстырылды. Жалғанды: 1-қосымша(Орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-тәрбие жоспары)

Сөйлеу

Оқу-ісі жөніндегі орынбасар Г.Мүттахқызы: 2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстардың жүзеге асырылуы барлық штаттық қызметкерлердің міндеті болғандықтан, әріптестеріме жаңа оқу жылына сәттіліктер тілеймін.

Қаулы:

2021-2022 оқу жылына арналған мектептің жұмыс жоспары таныстырылды деп есептелінсін, жоспардың орындалысына бақылау-басшылық жүргізу Г.Нұрмагамбетоваға тапсырылсын;

II Тыңдалды

Бейін жөніндегі орынбасар А.Елеуова: 2021-2022 оқу жылына ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары жасалды. Мектептің әдістемелік тақырыбы: «Жаңартылған білім - ұрпақтың тұрақты дамуының кепілі». Мақсаты: Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту Ғылыми-әдістемелік жұмыс міндеттері:

1. Жаңартылған білім мазмұнының тиімділігін сабақ үрдісінде пайдалану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;
2. Мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін насихаттау;
3. Мұғалімдерді тиімді әдістемелік біліммен қамтамасыз етуде жеке құндылығын қалыптастыру;
4. Мұғалімдердің кәсіби деңгейін жетілдіру.

Жұмыс нысандары: әдістемелік кеңес, семинарлар, форум, дөңгелек үстел. Жалғанды:2-қосымша (2021-2022 оқу жылына ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары)

Сөйлеу

Г.Кокишева: Ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарында барлығы қамтылған деп ойлаймын. Биылғы мектебімізге келетін жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетіп, іс-тәжірибелерімізбен бөлісуге дайынбыз.

Қаулы:

2021-2022 оқу жылына ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары таныстырылды деп есептелінсін, жоспардың орындалысына бақылау-басшылық жүргізу А.Елеуова мен Г.Мұттахиқызына тапсырылсын;

III Тыңдалды

Бейін жөніндегі орынбасар А.Елеуова: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми- әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2021 жылғы 13 мамырдағы № 5 хаттама).
ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- ✓ Білім алушылардың оқу жүктемесін азайту.
- ✓ 1-сыныптарға «Әліппе», «Ана тілі», «Букварь», «Обучение грамоте», «Цифрлық сауаттылық» пәндерін енгізу.
- ✓ Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру.
- ✓ Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізуді жетілдіру.
- ✓ Жазғы мектеп есебінен оқыту мерзімін 20 маусымға дейін ұзарту.
- ✓ Міндетті формативті бағалау.
- ✓ Сабақ ұзақтығы – 45 минут.
- ✓ 5-сыныптан 11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттіліктер» тандау курсын немесе басқа курстарды енгізу.
- ✓ Мектептердің тандауы бойынша «Музыка» оқу бағдарламасының шеңберінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6-сыныпта домбыра тартуды үйрету.
- ✓ Оқытудың әртүрлі форматтарына (дәстүрлі, аралас, қашықтан) мектептердің дайындығын қамтамасыз ету.
- ✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау.
- ✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу.
- ✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.
- ✓ Инклюзивті орта мәдениетін қалыптастыру.
- ✓ «Оқуға құштар мектеп», «Дебаттар», «Өзін-өзі басқару күні», «Мектеп театры» жобаларын іске асыру.
- ✓ Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру (қарым-қатынас, мектеп қоңырауы).
- ✓ Мектеп пен отбасында күнделікті 20 минут кітап оқуды ұйымдастыру.
- ✓ Ерте кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу.
- ✓ Білім алушылардың дене дамуының мониторингі.
- ✓ Педагогтерді тарифтеу тәртібі бойынша ұсыныстар.
- ✓ Жан басына шаққандағы қаржыландыру механизмін жетілдіру.
- ✓ Педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа ережелерін енгізу.
- ✓ Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту.

ӘНХ-пен танысып, бірлесіп жұмыс жасау керекпіз. ӘНХ-та баршаңыздың нақты жұмыстарыңызбен және нені білулеріңіз қажет екендігі көрсетілген. ӘНХ-ты бірлестік мүшелері болып, нақтылап ,талқылап талдайсыздар.

Сөйлеу

С.Аманқосова: Әдістемелік нұсқаулық хатта көрсетілген ерекшеліктерді бірлестіктер бойынша талдау өте орынды деп есептеймін. Барлығы нақты көрсетілген.

Қаулы:

2021-2022 оқу жылының «Әдістемелік- нұсқау хаты» таныстырылды деп есептелінсін;

IV Тыңдалды

Оқу-ісі жөніндегі орынбасар Г.Мұттахиқызы: Биылғы оқу жылы мектебімізге 3 жас маман келіп отыр. Олар: химия пәні мұғалімі А.Смадиярова, ағылшын тілі мұғалімі Ж.Балтабаева, физика пәні мұғалімі Г.Балтабаева. Еңбек жолын жаңа бастаған жас мамандарға тәжірибелі және жоғары санатты мұғалімдерді тәлімгерлікке ұсынамын.

1. Балтабаева Жаннұр – Тәлімгері Қуанова Перизат педагог-зерттеуші, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.
2. Смадиярова Альбина – Тәлімгері Дюсембаева Эльвира педагог-зерттеуші, биология пәнінің мұғалімі.
3. Балтабаева Гүлмира – Тәлімгері Шоланова Гүлзина педагог-зерттеуші, математика пәнінің мұғалімі.

Сөйлеу

Ж.Бекболатова: Тәлімгерлікке қойылатын талапта жоғары болғандықтан осы ұсынылып отырған ұстаздар лайықты деп ойлаймын. Жас мамандардың тәлімгерлерден үйренері көп болуы керек.

Қаулы:

Аталған жас мамандарға тәлімгерлікке Қуанова Перизат, Дюсембаева Эльвира, Шоланова Гүлзина тағайындалсын;

V Тыңдалды

Бейін жөніндегі орынбасар А.Елеуова: 1. Әдістемелік кеңес құрамына мына мұғалімдерді ұсынып отырмын.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Лауазымы	
1	Нұрмағамбетова Гүлнарша	Директор	Мүше
2	Елеуова Акбала	ДБЖО	Төрайым
3	Мұттахиқызы Гүлжан	ДОЖО	Мүше
4	Есбергенова Жансая	Психолог	Мүше
5	Әділбек Жазира	ДТЖО	Мүше
6	Бекболатова Жанира	Гуманитарлық пәндер кафедрасының жетекшісі	Мүше
7	Шоланова Гүлзина	Зияткер кафедрасының жетекшісі	Мүше
8	Ерболатова Санжан	Жаратылыстану пәндер кафедрасының жетекшісі	Мүше
9	Кокишева Гүлзира	Бастауыш сынып кафедрасының жетекшісі	Мүше
10	Изтурганова Майра	Эстетикалық пәндер кафедрасының жетекшісі	Мүше
11	Аманқосова Сандуғаш	Қосымша білім беру педагогі	Мүше
12	Асқарұлы Нұрғиса	Нұсқаушы	Мүше
13	Мұстафин Алқабек	Тәлімгер	Мүше
14	Қали Әсел	Әлеуметтік педагог	Мүше
15	Дюсембаева Эльвира	Биология пәні мұғалімі	Мүше
16	Қуанова Перизат	Ағылшын пәні мұғалімі	Мүше

2. Әдістемелік кафедралар құрамының жетекшілері:

Бекболатова Жанира	Гуманитарлық пәндер кафедрасының жетекшісі
Шоланова Гүлзина	Зияткер кафедрасының жетекшісі
Ерболатова Санжан	Жаратылыстану пәндер кафедрасының жетекшісі
Кокишева Гүлзира	Бастауыш сынып кафедрасының жетекшісі
Изтурганова Майра	Эстетикалық пәндер кафедрасының жетекшісі

Қаулы:

Әдістемелік кеңес құрамы және әдістемелік кафедрадың жетекшілері бекітілсін.

VI Тыңдалды

Бейін жөніндегі орынбасар А.Елеуова: Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру жоспарын таныстырды. Жалғанды: 3-қосымша

Сөйлеу

Психолог Ж.Есбергенова: Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру маңызды жұмыс. Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқушыларды таңдаған мамандықтарына қарай бейіндеп

оқыту өз нәтижесін береді. Оқушылармен жүргізілетін тренингтерде оқушылардың қызығушықтары көп байқалады.

Қаулы:

Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру жоспарын таныстырылды деп есептелінсін.

VII Тыңдалды

Бейін жөніндегі орынбасар А.Елеуова: Оқушылардың ғылыми зерттеушілік жұмыс дағдыларын қалыптастыруға және юейнді бағыттары бойынша белгілі бір ғылым саласында өз білімін жетілдіруіміз қажет. 2021-2022 оқу жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми зерттеу жобаларының байқауына қатысатын оқушылар тізімі аудандық білім бөліміне мамыр айында берілді.

Қ/с	Аты -жөні	Сынып	Секция	Тақырыбы	Жетекшілері
1	Алиева Асылдай	11	Математика	Математикалық сауаттылық есептерін шығарудың тиімді тәсілдері	Шоланова Г
2	Амангелдин Жалғас	10	Қоршаған орта және адам денсаулығы	Жергілікті жердің топырақ жамылғысын жақсарту жолдары	Елеуова А
3	Ғабидуллаұлы Саясат	10	Қоршаған орта және адам денсаулығы	Жергілікті жердің топырақ жамылғысын жақсарту жолдары	Елеуова А
4	Асхатқызы Айбану	10	Химия	Өсімдіктің өсуіне пайдалы коспалар	Атшыбаева Ғ
5	Ғаділбекқызы Арайлым	11	Өлкетану	Маңғыстау өлкесінің су қорларын жасау	Елеуова А
6	Мұханбетбаева Жанерке	11	Өлкетану	Маңғыстау өлкесінің су қорларын жасау	Елеуова А
7	Қожабекұлы Бекжан	10	Техника	Жылдамдықты азайту қондырғысын жасау арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету	Ордабаев М
8	Кәдірбекова Мәдина	11	Әдебиет	Мәшһүр мен Абай шығармаларының үндестігі	Саржанова К
9	Сатыпалды Саят	11	Жер және ғарыш туралы ғылымдар	Жердің табиғи серігі Ай арқылы жерді коқыстардан тазарту	Ордабаев М

Сонымен қатар «Зерде» ғылыми жобалар байқауына қатысатын 2-7 оқушыларымен жетекшілері зерттеу жұмыстарын жүргізіп отыр.

№	Жоба авторы	Жоба атауы	Секциясы	Сыныбы	Ғылыми жетекшісінің аты-жөні
1	Қуан Ақжарқын	Жәндіктердің жер бетінен жойылу қаупі және оның салдары	Экология	7	Атшыбаева Ғайша
2	Теміртасқызы Мөлдір	«Құркылтайдың ұясы және емдік қасиеттері»	Медицина	7	Дюсембаева Эльвира
3	Тұрар Айтқабыл	Мысықтың ерекше бағдарлау қасиеті	Биология	6	Атшыбаева Ғайша
4	Талғат Аян	«Түркілердің түп негізі Көкбөрі»	Этномәдениеттану	6	Кокишева Гульзира
5	Асхатұлы Санат	"Тәтті қауіпті"	Экология	2	Кокишева Гульзира
6	Бекзатұлы Мүсілім	«Ауылдық елді мекендерде интернет желісін жақсарту құрылғысы »	Информатика	7	Сенғалиев Нұрбек

Сұрақ

Г.Кокишева: Ғылыми зерттеу жұмыстарына оқушылардың қызығушықтары бар. Сондықтан оқушыларды көптеп тарту керек. Жоғары оқу орындарының мұғалімдерінен ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша тәжірибе алмасу үшін мамандарды мектепке шақыруға болады ма?

Сөйлеу

А.Елеуова:

Ақтау қаласындағы Ш. Есенов атындағы мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің мамандарымен бірлесіп жұмыс жүргізуді жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар Атшыбаева Ғайша апай мен Саржанова Күнімкүл жетекшілік жұмыстарын жалғастырады.

Қаулы:

Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру жұмысы таныстырылды деп есептелінсін және жұмысты жетілдіру А.Елеуоваға тапсырылсын.

VIII Тыңдалды

Тәрбие жөніндегі орынбасар Ж.Әділбек: Инклюзивті орта мәдениетін қалыптастыру инклюзивті білім берудің негізгі үш аспектісінің (инклюзивті саясатты әзірлеу, инклюзивті мәдениетті құру, инклюзивті практиканы жүзеге асыру) маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Білім беру ұйымдарындағы әрбір адамның өзіндік ерекшелігін, әртүрлілігін құрметтеу, білім берудің кез келген субъектісіне қолайлы, жағымды мектеп қоғамдастығын құру, инклюзивті құндылықтарды қабылдау инклюзивті мәдениетті қалыптастырудың негізін құрайды. Инклюзивті мәдениет инклюзивті білім беруді тиімді жүзеге асырудың маңызды факторы. Сонымен қатар инклюзивті мәдениетті құру мектептегі теңдікті, қолжетімді ортаны қамтасыз етудің, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды құрметтеудің, оларға жағымды көзқарас қалыптастырудың, әлеуметтендірудің негізі ретінде қарауымыз керек.

Сұрақ

Г.Нурмагамбетова: Инклюзивті білім беру курсынан қанша мұғалім өтті?

Сөйлеу

А.Елеуова: Инклюзивті білім беру курсынан 4 мұғалім өтті. Олар: Изтурганова Майра, Кокишева Гульзира, Елеуова Акбала, Мұттахиқызы Гүлжан. Алдағы уақытта барлық пән мұғалімдері де өтуі керек.

Қаулы:

1. Инклюзивті орта мәдениетін қалыптастыру таныстырылды деп есептелінсін;
2. Мұғалімдердің инклюзивті білім беру курсынан өтуі жүзеге асырылсын.

Жиналыс төрайымы:

А.А.Елеуова

Хатшы:

Қали Әсел

Қараша айындағы №2 әдістемелік кеңестің

х а т т а м а с ы

Өтілген күні: 29.11.2021

Қатысуға тиісті: 16

Қатысқандар: 11

Тақырыбы: «Мұғалімнің кәсіби шеберлігі – білім сапасының кепілі»

Күн тәртібінде:

1. «Зияткер» кафедрасының «Мұғалім мектеп айнасы» апталығының қорытындысы
2. Орыс тілі пәнінің берілісі
3. Мектеп олимпиадасы (талаптар, дайындық жұмыстарын ұйымдастыру)
4. 7-11 сынып оқушыларының кәсіби диагностика жүргізу қорытындысы
5. Жас мамандардың «Өз білімін көтеру» жоспарының орындалысы

I Тыңдалды

1. «Зияткер» кафедрасының жетекшісі Г. Шоланова: -11.11.2021-15.11.2021 аралығында «Мұғалім мектеп айнасы» тақырыбында апталық ойдағыдай өтті. Апталықтағы шаралар мен сабақтарға жас мамандардың толықтай қатыстуын қадағаладық. Олар сабақтарға өз пәндерінен бос уақытында келіп, қатысып көп тәжірибе жинақтай алды. Ж. Есбергенова, Г. Мұттахиқызы мен А. Елеуованың көрсеткен іс – шаралары жас мамандардың логикалық ойлауын, пәндеріне деген қызығушылықтарын дамытуға өз септігін тигізеді деп есептеймін.

Сөйлеу

Мұттахиқызы Г: Апталықтағы өтілген сабақтар әлеуметтік желілерге жарияланып отыр. Алайда әдістемелік газет-журналдарға жариялау жағы төмен. Сосын жас мамандар үйренген әдіс- тәсілдерін сабақтарында пайдалуы қажет.

Қаулы: Апталықта өтілген үлгілі сабақтар мен сыныптан тыс шараларды әдістемелік журналдарға жариялау пән мұғалімдеріне тапсырылсын.

II Тыңдалды

Орыс тілі пәнінің берілісі, ДБЖО Елеуова А Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 6-11 сыныптарға Бекболатова Жанира сабақ береді. Жүктемесі 25 сағат. Санаты педагог-зерттеуші. Еңбек өтілі: 29 жыл. 7-сыныпта 4.10.2021ж. күні СВИФТ «ПУТЕШЕСТВИЯ ГУЛЛИВЕРА», 11-сыныпта 21.09.2021ж. күні Рассказ «День, когда рухнул мир». Образы героев: от мира детства к миру взрослых, 7-сыныпта 23.11.2021ж. күні «Здоровый образ жизни» тақырыптарындағы сабақтарына қатыстым. Мұғалімнің сабақ жоспарлары бар, күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарына сәйкес келеді: білім алушылардың қажеттіліктерін ескереді, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Сабақтың әр кезеңінде оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері қолданып, барлық білім алушыларды белсенді оқуға тартады. Педагог оқыту мақсаттарына қол жеткізу бойынша әрбір білім алушының ілгерілеуін қадағалайды. Сабақ барысында педагог цифрлық білім ресурстары BilimLand.kz, <https://google.kz> платформаларын пайдаланды. Сонымен қатар сабақ барысында бағалау критерийлеріне сәйкес, тапсырмаларға нақты дискрипторларды қолдана отырып, білім алушыларды бағалау процесіне тартады. Білім алушыларға конструктивті кері байланыс беру үшін жағдайлар жасайды. Мектепке арналған

білім платформасы <https://mektep.edu.kz> электронды журналына ұзақ мерзімді жоспары толтырылған. Мұғалім жоспарға сәйкес уақытылы бөлім бойынша жиынтық бағалау, қалыптастырушы бағалау жұмысын жүргізіп отыр. 2021ж.Облыстық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен орыс тілі мұғалімдерінің секциялық жұмысында «Инклюзивное образование в преподавании русского языка» атты баяндамасы тыңдалды. Мұғалім уақытылы пәндік курстардан өтіп отыр. Сонымен қатар 2-5 сыныптарға Шетпе лицейінің орыс тілі пәнінің мұғалімі педагог-зерттеуші санатындағы Омарова Нұрия сабақ береді. Жүктемесі:18 сағат. Мектепке арналған білім платформасы <https://mektep.edu.kz> электронды журналына ұзақ мерзімді жоспары толтырылған. Мұғалім жоспарға сәйкес уақытылы бөлім бойынша жиынтық бағалау, қалыптастырушы бағалау жұмысын жүргізіп отыр. 5-сыныпта 17.11.2021ж. күні «С.Михалков. Много у меня друзей», 3-сыныпта «Рассуждать – значит доказывать» т.б тақырыптарындағы сабақтарына қатыстым. Мұғалімнің сабақ жоспарлары бар, күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарына сәйкес келеді: білім алушылардың қажеттіліктерін ескереді. Сабақ барысында оқытудың диалогтік оқыту әдістерін көп қолданады. Барлық білім алушыларды сабаққа белсенді оқуға тартады. Педагог оқыту мақсаттарына қол жеткізу бойынша әрбір білім алушының ілгерілеуін қадағалап, дәптерлерін уақытылы тексереді. Сабақ барысында педагог цифрлық білім ресурстары BilimLand.kz платформаларын пайдаланды. Білім алушыларға кері байланыс беру үшін жағдайлар жасайды.

Сөйлеу

Шоланова Г: Жанира облыс көлемінде танымал орыс тілі пәнінің мұғалімі. Бірнеше жыл еңбек өтілі бар, тәжірибелі педагог. Сондықтан бұл мұғалім өзінің авторлық бағдарламаларын жасап, іс-тәжірибесін республика көлемінде тарату керек.

Елеуова А.: Жанира былтырдан бері авторлық жұмысқа материалдарын жинақтап жүр.

Қаулы:

1. Орыс тілі пәнінің берілісі қанағаттанарлық деп танылсын;
2. Орыс тілі пәні мұғалімі Бекболатова Жанираның авторлық бағдарламасы жинақтау пән мұғаліміне тапсырылсын.

III Тыңдалды

Мектеп олимпиадасы (талаптар, дайындық жұмыстарын ұйымдастыру) ДОИЖО Мұттахқызы Г.: Мектебімізде дәстүрлі республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі болып өтті. Осы мектепішілік олимпиададан жұмыстары іріктеліп, ілгері нәтиже көрсеткен оқушыларымызды аудандық кезеңге жібереміз. Аудандық кезеңге мектеп бойынша 5-6 сыныптардан 12 оқушы, 9-11 сынып оқушыларының ішінен 29 оқушы қатысады деп күтіліп отыр.

Сөйлеу

Елеуова А.: Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаға дайындықты күшейту қажет. Облыстық кезеңде санаулы пәндер ғана 3 –орында иеленіп жүр. Республикалық кезеңге оқушыларды шығара алмай отырмыз. Оқушылардың дайындығын жүйелі, жан-жақты қарастыру керек.


Қаулы:

1. Оқушылардың олимпиадаға дайындық жұмыстарын күшейту пән мұғалімдеріне тапсырылсын, бақылау басшылықты Г.Мұттахқызы жүргізсін.

IV Тыңдалды

7-11 сынып оқушыларына кәсіби диагностика жүргізу қорытындысы туралы психолог Ж. Есбергенова: 13.10.2021ж. күні 7-11 сынып оқушыларына кәсіби диагностика жүргізуді мамандық таңдауға арналған Холланд – Климов әдістемесі бойынша жүргіздім. Қорытындысы төмендегідей нәтиже көрсетті.

мұғалім	37,5
кәсіпкер	9
дефектоог	3
тергеуші	3
программист	3
леаркетоны	3
гидроблика	3
дәрігер	3
ойланып жүрмін	9
ІТ	6
дизайнер	9
заңгер	3
халықараық қатынас	3
инженер-механик	3
инженер-архитектор	3
аудармашы	3
журналистика	3
бухгалтер	3
логистика	3
артдиректор	3
экономист	3



Қорытынды: 9-10-11 сынып оқушылары түгелдей сауалнамаға қатысты. Таңдау мамандықтары анықталды. 6-оқушыға кеңес берілді, 26 оқушы қалыпты жағдайды көрсетті.

Қаулы:

- Оқушылардың кәсіби бейімділігіне, қызығушылығына қарай жұмыстарды үнемі сабақтарда қолдану пән мұғалімдеріне тапсырылсын, кәсіби бағыт беру жұмыстарын А.Елеуова, Ж.Есбергенова, Ж.Әділбекке ұйымдастырсын.

V Тыңдалды

Жас мамандардың «Өз білімін көтеру» жоспарының орындалысы туралы Г. Мұттахиқызы: Жас мамандар мен біліктілік санатқа өтініш берген мұғалімдердің ішінен З. Алишбаева, Б. Аманиязов пен Ж.Бердімұратқызы өз білімін көтеру жоспарын тиісті уақытта маған әкеліп көрсеткен жоқ. Қалған мұғалімдер көрсетті. Мұғалімдердің өз білімінің көтеру жоспары арқылы біліктілік деңгейінің де өсетінін ұмытпаған дұрыс. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» деп К. Д. Ушинский айтқандай әуелі, еңбек керек, ізденіс керек, өзін- өзі жан жақты адам ретінде, тұлға ретінде дамытуға деген талпыныс керек.

Сөйлеу

Бекболатова Ж: Өз білімін көтеріп, жетілдіріп отыру әрбір мұғалімнің міндеті. Қазіргі цифрлық білім беру бағдарламаларын меңгеруді жоспарға енгізіп, жаңартып отыру керек.

Қаулы:

Жас мамандардың «Өз білімін көтеру» жоспарын жүргізіп отыруы тәлімгерлерге тапсырылсын және жоспарға цифрлық білім беру бағдарламалары енгізілсін, бақылауды Г.Мұттахиқызы жүргізісін

ЖАЛҒАНДЫ: Күн тәртібіндегі мәселелер

Жиналыс төрайымы:



А.А.Елеуова

Хатшы:



Қали Әсел

Қаңтар айындағы №3 әдістемелік кеңестің

х а т т а м а с ы

Өтілген күні: 06.01.2021

Қатысуға тиісті: 17

Қатысқандар: 17

Тақырыбы:

Күн тәртібінде:

1. Аттестаттау, сараптау комиссияларының құрамын бекіту
2. II тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі
3. Бастауыш сыныптарда білім алушыларға жүйелі кері байланыстың ұйымдастырылуы
4. Аудандық, облыстық пәндер олимпиадасының қорытындысы. (Олимпиаданың өтпеуіне байланысты наурыз айындағы әдістемелік кеңесте тыңдалады)
5. Бастауыш эстетикалық пәнінің берілісі (музыка, өзін-өзі тану)
6. «Өлкетану» сағаттарының берілісі (Қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география, музыка)
7. Оқыту процесінде педагогтердің қашықтан оқыту технологиялары мен ЦБР қолдануы

I Тыңдалды

Директор Г.Нурмагамбетова – "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрыққа сәйкес, 2022 жылға аттестаттау және сараптау комиссияларының құрамын құруымыз қажет. Педагогтерді аттестаттау жөніндегі комиссияның құрамына кемінде 10 жыл жұмыс өтілі, "педагог-зерттеуші" немесе "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар педагогтер, оқу-әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың), біліктілікті арттыру ұйымдарының әдіскерлері, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың өкілдері, білім беруді басқару органдарының, ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандары кіреді делінген. Сондықтан аттестаттау және сараптау комиссияна төмендегі адамдарды ұсынамын.

Аттестаттау комиссияның төрайымы – директор Г.Нурмагамбетова;

Мүшелері – 1. ОҰЖО, "педагог-шебер" Г.Мұттахиқызы;

2. "педагог-шебер" Г.Шоланова;

3. "педагог-шебер" Г.Кокишева;

4. Қоғамдық және үкіметтік емес ұйым Ғ.Ордабаева

Сараптау комиссияның төрайымы – БЖО, "педагог-шебер" А.Елеуова

Мүшелері – 1. "педагог-шебер" М.Изтурганова;

2. "педагог-зерттеуші" Ж.Бекболатова;

3. "педагог-зерттеуші" Э.Дюсембаева;

4. "педагог-зерттеуші" П.Қуанова.

Сөйлеу

Шоланова Г: Комиссия мүшелері №561 бұйрықпен танысқаны жақсы. Ұсынылып отырған адамдардың еңбек өтілі мен біліктілік санаттары сәйкес келіп тұр екен.

Қаулы:

1. Аталған педагог қызметкерлер аттестаттау және сараптау комиссияларының құрамына ұсынылсын;
2. Бақылау-басшылық жасау мектеп директоры Г.Нурмагамбетоваға тапсырылсын.

II Тыңдалды

II тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі, ОІЖО Г.Мұттахиқызы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 21 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5191 болып енгізілді. Осы бұйрық негізінде БЖБ мен ТЖБ алынып, талдаулары 472 бұйрық үлгісімен жасалды. Аптасына бір рет болатын сабақтардан тоқсанына бір рет БЖБ алынады. Биылғы оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып, әр тоқсан сайын БЖБ мен ТЖБ кестесі жасақталып, бекітіліп отыр. Сол негізде Іжарты жылдықтың қорытындысымен төмендегі кестеде көрсетілгендей пәндер бойынша талдаулар жасалды.

Барлық пән мұғалімдерінің жасаған БЖБ мен ТЖБ талдаулары бойынша төменгі ұпай алып, 3-4 сабақтан «3»-ке шыққан оқушылар тізімі

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Пән аттары
1	Бердібек Азанбек	5	қазақ әдебиеті, математика, жаратылыстану, информатика
2	Ералы Сұлтанмахмұт	5	Қазақ әдебиеті, қаз тарихы, математика, информатика
3	Иламан Нұрғазы	5	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, математика, жаратылыстану
4	Әділова Айзере	5	Жаратылыстану, қаз тарихы, математика информатика
5	Орақбай Нұрай	6	Қазақстан тарихы, Орыс тілі мен әдебиеті, Шет тілі, Математика, қазақ тілі, информатика
6	Әділбек Нұрас	7	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, алгебра, география, информатика, ағылшын тілі
7	Бекзатұлы Муслим	7	Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Алгебра,ағылшын тілі, орыс тілі,қаз тарих
8	Шаңгерей Дильназ	7	Орыс тілі, Ағылшын тілі, Алгебра
9	Әділбек Алмас	8	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, география, химия, геометрия
10	Ғалым Береке	8	Химия, география, информатика, қаз тарих.
11	Советұлы Әбдірахман	8	Алгебра, химия, география, қаз тарих
12	Рахат Зәуре	8	Алгебра, география, қаз тарих

Сұрақ

Г.Нурмагамбетова: Жиынтық бағалау жұмыстарының қорытындысымен екі тоқсанда төмен көрсеткіш көрсетіп тұрған оқушылармен пән мұғалімдері қандай жұмыстар жүргізді?

Сөйлеу

Г.Мұттахиқызы: Пән мұғалімдері қосымша тапсырмалар беру арқылы дайындық жүргізіп отыр.

Қаулы:

II тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі тыңдалды деп табылсын және алдағы уақытта бақылауды күшейту Г.Мұттахиқызына тапсырылсын;

III Тыңдалды

Бастауыш сыныптарда білім алушыларға жүйелі кері байланыстың ұйымдастырылуы, Г.Кокишева: Бастауыш сыныптарда білім алушыларға жүйелі түрде кері байланыс үнемі ұйымдастырылып отырылады. Оқушылардың білімге деген құштарлығын ояту үшін, үнемі сабақта әр-түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып отырамыз. Оқушыларға сабақты қызықты өткізе отырып, олардың сабаққа қатысын және білім алу деңгейлерін тексеріп, кері байланыс алып отырамыз. Сабақ барысында әр тапсырмаларды орындауда да, кері байланыс жүргізіліп отырылады. Сабақ барысында оқушыларға жарайсың, сен сұрақтарға жақсы жауап бересің! Сен өте байқампазсың! Сен тапсырманы өте жақсы орындауға тырыстың! Сен жұмыстарды талқылауға белсене қатыстың! Осы сияқты оқушылардың сабаққа деген белсенділігін мадақтап немесе қателігін айтып отырамыз. «Бағдаршам», «Бес саусақ», «Білім шыңы» «Ббб», «Білім ағашы», «Ауа райы», «Тазалық», «Алған әсерің қандай?», «Ашық микрофон», «Ыстық микрофон», «Кеме» «Басбармақ», «Сұрақ-жауап», «Бүгінгі сабақта не үйрендің?», «Жұлдыздар», «Жетістік баспалдағы» т.б кері байланыстар арқылы білім алушылардың білім алу деңгейі бағаланып отырылады. Сабақ соңында да, өтілген тақырыпты қаншалықты білім алушылар меңгергені бойынша да кері байланыс жүргізіледі. Кері байланыс арқылы оқушылар сабақтың қалай өткенін, ең қызықты нәрсе не болды, қандай жаңа нәрсе білгендерін, нені үйренгендерін айтады. Яғни, кері байланыс арқылы оқушылардың сол күнгі тақырыптың меңгергенін немесе меңгермегенін білеміз. Сабақ соңында күнделіктеріне балл қойылады. Білім алушыларға кері байланыс жүргізу маңызды. Яғни, кері байланыс арқылы оқушының сол күнгі тақырыпты меңгергенін немесе меңгермегенін білеміз. Кері байланыс арқылы оқушылардың түсінбеген тапсырмасын, тақырыбын тағы да қайталау арқылы және өз бетімен орындайтын тапсырмалар арқылы жүргіземіз. Кері байланыс нәтижесінде оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасып, қажеттілігін біле аламыз және өз-өзіне баға бере алады. Кері байланысты ұйымдастырып отыру білім алушыларға маңызды болып табылады.

Сөйлеу

Изтурганова М: Бастауыш сыныптарда оқушылармен кері байланыс жүргізудің маңызы зор. Себебі білім алушылардың сабақтағы іс-әрекеті туралы пікірлер білдіру олардың белсенділігін, сабаққа қызығушылығын арттырады.

Қаулы:

Бастауыш сыныптарда білім алушыларға жүйелі кері байланыстың ұйымдастырылуы тыңдалды деп табылсын.

IV Тыңдалды

Бастауыш эстетикалық пәнінің берілісі (музыка, өзін-өзі тану), БЖО Елеуова А: Музыка пәнінен 1-6 сыныптарға Изтурганова Майра сабақ береді. Жүктемесі 18 сағат. Санаты педагог-шебер. Еңбек өтілі: 31 жыл. Мұғалім 1,2,3,4,6 сыныптарда офлайн, 5-сыныпта онлайн режимінде сабақ өтеді. 2-сыныпта 16.12.2021ж. күні «Туған өлкемнің табиғаты. Қыс», 4-сыныпта 20.12.2021ж күні «Музыкант болу арманым», 6-сыныпта 09.12.2021ж. күні «Джаз музыкасы» тақырыптарындағы сабақтарына қатыстым.

Мұғалімнің сабақ жоспарлары бар, күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарына сәйкес келеді: білім алушылардың қажеттіліктерін ескереді, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Сабақтың әр кезеңінде оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері «Сұрақ ілмегі», «Интервью», «Тыңдау.Зерттеу.Талдау», «Әндердің клавиірі, минус және плюс фонограммалары» т.б. қолданып, барлық білім алушыларды

белсенді оқуға, бірлесіп жұмыс жасауға тартады. Педагог оқыту мақсаттарына қол жеткізу бойынша әрбір білім алушының ілгерілеуін қадағалайды. Сабақ барысында педагог цифрлық білім ресурстары youtube.com., bilimland.kz платформаларын пайдаланды. Сонымен қатар сабақ барысында бағалау критерийлеріне сәйкес, тапсырмаларға нақты дискрипторларды қолдана отырып, білім алушыларды бағалау процесіне тартады. Білім алушыларға конструктивті кері байланыс жүргізеді. Мектепке арналған білім платформасы <https://mektep.edu.kz> электронды журналына ұзақ мерзімді жоспары толтырылған.

Мұғалім уақытылы пәндік курстардан өтіп отыр.

Өзін-өзі тану пәнінен 1-6 сыныптарда Есбергенова Жансая сабақ береді. Санаты педагог-сарапшы. Жүктемесі: 8 сағат

3-сыныпта 5.10.2021ж. «Кітап - білім бұлағы», 2-сыныпта 6.10.2021ж күні «Білім – өмір шырағы», 8.12.2021ж. «Адал және ақкөңіл болу», 6-сыныпта 9.12.2021ж. «Ар – ұждан және абырой туралы» тақырыптарындағы сабақтарға қатыстым.

Мұғалімнің сабақ жоспарлары бар, күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарына сәйкес келеді:

Отбасындағы, мектептегі парызын орындау, әдепті болу, әділеттілік сияқты білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Сабақтың ұйымдастыру кезеңдері «Т» ережесі: Тәртіп, талап, тыныштық, тазалық, татулық және «Нұрға бөлену» арқылы басталады. Сабақтардың әрбір кезеңдерінде оқытудың топтық, жұптық жұмыстарды қолданып, барлық білім алушыларды белсенді оқуға, бірлесіп жұмыс жасауға, ой-пікірлерін ашық айтуға, шынайылыққа бағыттайды. Сабақ барысында педагог цифрлық білім ресурстары аудио, бейне жазбаларды youtube.com., stud.kz, bilimland.kz платформаларын пайдаланды. Білім алушыларға кері байланыс беру үшін жағдайлар жасайды.

Мектепке арналған білім платформасы <https://mektep.edu.kz> электронды журналына ұзақ мерзімді жоспары толтырылған.

Мұғалім уақытылы өзін-өзі тану пәні бойынша курстардан өтіп отыр.

Сөйлеу

Г.Нурмагамбетова: Музыка пәні мұғалімі Майра мектебіміздің Үздік педагогі. Мұғалімнің іс – тәжірибесімен жас мамандар көбірек бөлісуі қажет.

Қаулы:

Бастауыш эстетикалық пәнінің берілісі (музыка, өзін-өзі тану) қанағаттанарлық деп есептелсін;

V Тыңдалды

«Өлкетану» сағаттарының берілісі (Қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география, музыка), ҚББП Аманқосова С.: 6,7-сыныптарға қазақ әдебиеті пәнен Жанғали Ақсынай сабақ береді. Өлкетану сабақтары 3,4-тоқсанға кіріктіріліп қойылған. 15 қыркүйек күні «С. Қондыбай атындағы облыстық өлкетану мұражайымен» біріге отырып «Қорқыт ата және Уақыт» атты қазақ әдебиеті пәнен мұражай сабағы өтті. Пән мұғалімі С. Қондыбай еңбектерінен Қорқыт ата туралы мәліметтерді жинап, балаларға тапсырма ретінде ұсынды. Мұражай қызметкері Жұбаназаров Ұлықбек оқушыларға «Қорқыт және оның уақыт безбендеуі» деген тақырыпта лекция оқып берді.

«География» оқу пәнінің 7-сыныпқа арналған «Физикалық география» бөліміне өлкетану бойынша екі тақырып енгізілді: «Туған өлкенің флорасы мен фаунасы» және «Менің өлкемнің визит карточкасы: өлкетану деректер базасын әзірлеу». Осы тақырыптарды зерделеу кезінде өсімдіктер мен жануарлардың қай аймаққа тән екенін зерттеу үшін ұжымдық жұмысты ұйымдастыру, оларды қорғау шараларын ұйымдастыру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, аймақтың мәліметтер базасын құру ұсынылады.

7-сыныпқа Мүстафин Алқабек сабақ береді. «Физикалық география» бөлімі 2,3-тоқсанда берілген. Флора мен фауна 3-тоқсанда өтетін болғандықтан ҰМЖ-да сол тоқсанға кіріктірілген.

Тарих пәнінен 5,6,7-сыныптарға Есболаев Райымбек сабақ береді.

5-сыныпта 27.10.2021 ж. «Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер», 6-сыныпта 27.10 күні «Топонимдер-өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы)», 22.12 күні «Мәдени тарихи дәстүрді сақтаушылар; өлкенің ұлттық қолөнері» тақырыптарында сабақтарын мектепте өткен.

«Музыка» пәнінің 5-сыныпқа арналған базалық мазмұны: «Қазақ халқының музыкалық мұрасы»; «Қазақтың дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыка»; «Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі»; «Музыка тілі – достық тілі»; «Өлкетану: Туған өлке симфониясы» бөлімдерін қамтиды.

«Музыка» пәнінің 6-сыныпқа арналған базалық мазмұны: «Классикалық музыканың үздік туындылары»; «Заманауи музыка мәдениеті»; «Музыка және өнер түрлері»; «Музыка – өмір тынысы»; «Өлкетану: Туған жердің таланттары» бөлімдерін қамтиды.

Музыка пәнінен Изтурганова Майра береді. Жоспар бойынша кіріктірілген сабақ сәуір айына жоспарланған.

Сөйлеу

Бекболатова Ж: Білім алушыларға мұражайда, табиғат аясында өткізілген сабақтардың берері көп. Сабаққа деген қызығушылықтары, теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан уақытылы жоспарға сәйкес өлкетану сабақтарын жүйелі жүргізудің маңызы зор.

Қаулы:

1. «Өлкетану» сағаттарының берілісі (Қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география, музыка) қанағаттанарлық деп табылсын;
2. II жарты жылдықтағы өлкетану сағаттары мұражайларда өткізу пән мұғалімдеріне міндеттелсін және бақылау жасау ОДЖО Г.Мұттахқызына тапсырылсын.

VI Тыңдалды

Оқыту процесінде педагогтердің қашықтан оқыту технологиялары мен ЦБР қолдануы, БЖО Елеуова А.: Педагог қызметкерлер көпішілігі bilimland.kz, smk.kz. білім платформаларын және youtube.com., Google.com. сайттарын пайдаланады.

bilimland.kz білім платформасын пайдалану статистикасы

Аты-жөні	Барлық авторизация саны	Соңғы авторизация
Ақсынай Жанғали	235	28.12.2021
Есболаев Райымбек	126	29.12.2021
Куанова Перизат Айтжановна	124	29.12.2021
Шоланова Гүлзина	76	28.12.2021
Мұстафин Алқабек	48	30.12.2021
Смадиярова Альбина	45	14.12.2021
Балтабаева Гүлмира	13	10.12.2021
Бигелді Набат Мархабатқызы	12	19.11.2021
Сенғалиев Нұрбек	3	07.12.2021
Аманқосова Сандуғаш	3	22.11.2021

Бастауыш сынып мұғалімдерінен Кокишева Гулзира тұрақты цифрлық білім беру ресурстарын сабақ мақсаттарына сәйкес қолданып отыр.

Жас мамандардың цифрлық білім беру ресурстарын пайдануы төмен деңгейде.

Сөйлеу

Г.Мұттахиқызы: Цифрлық білім беру ресурстарын сабақта пайдалану мұғалімнің уақытты үнеміне де пайдасы зор. Жас мамандардың сабақта көбірек пайдалануға үйренуін сұраймын.

Қаулы:

1. Сабақ барысында педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын қолдану пән мұғалімдеріне тапсырылсын;
2. Тәлімгерлер жас мамандардың цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға әдістемелік жұмыстар жүргізсін;
3. Бақылау басшылық жасау ДОІЖО, ДБЖО ға тапсырылсын.

ҚОСЫМША ЖАЛҒАНДЫ: Күн тәртібіндегі мәселелер

Жиналыс төрайымы:

 А.А.Елеуова

Хатшы:

 Қали Әсел

Наурыз айындағы №4 әдістемелік кеңестің

х а т т а м а с ы

Өтілген күні: 28.03.2022ж

Қатысуға тиісті: 17

Қатысқандар: 15

Тақырыбы: Жаңашылдық ізденісте.

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың эстетикалық шығармашылық жұмыстардан жетістіктері
2. Аудандық, облыстық ғылыми жобалар сайысының қорытындысы.
3. Көркем еңбек, АӘД пәнінің берілісі
4. Химия пәнінің берілісі
5. Оқушыларға спорттық шаралардың ұйымдастырылуы және жетістіктері
6. Санатқа өтініш берген мұғалімдердің шығармашылық есебі
7. Аудандық, облыстық пәндер олимпиадасының қорытындысы.

I Тыңдалды

Эстетикалық кафедра жетекшісі М.Изтурганова – Музыка пәнінен 2021-2022 жж оқу жылындағы оқушылар жетістіктері:

Қыркүйек айы:

XXII Республикалық Абай оқулары байқауы III орын Садақбаева Інжу

«Менің Отаным Қазақстан» Республикалық Барт әндер байқауы Алғыс хат Садақбаева Інжу

Желтоқсан айы:

«Маңғыстаунама-2021» облыстық байқауы Ән номинациясы бойынша I орын Есембетқызы Жайдары

Наурыз айы:

Абай оқулары байқауының аудандық кезеңі I орын Есембетқызы Жайдары

Дене тәрбиесі пәнінен 2021-2022 жж оқу жылындағы оқушылар жетістіктері:

Кемелбек Рысбек дзюдодан СШӨ атанды.

Қазақша күрестен тұңғыш Президент күніне арналған аудандық жарыс:

Қанатбай Нұрасыл 3 орын.

Әди Сабыржан 2 орын.

Айытбаев Әбілхайыр 1 орын.

Тұрарұлы Айтқабыл 2 орын.

Самбо күресінен: Айытбаев Әбілхайыр 3 орын

Шағын футбол наурыз мерекесі: Әди Сабыржан 1 орын.

Гір тасын көтеру: Тоқсанбекұлы Әли 2 орын

Қанатбаев Нұрдәурен 2 орын.

Облысқа жолдама алды.

Көркем пәні бойынша 2021-2022 жж оқу жылындағы оқушылар жетістіктері:

«Құс қанатындағы арман» байқауының аудандық кезеңінен «Жылы ұя» номинациясы бойынша III орын

Сапарұлы Ибрахим, Амандық Дінмұхаммед

Сөйлеу

Шоланова Г: Эстетикалық пәндерден оқушылардың жетістіктері өте жақсы. Облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпаздары болып жүр.

Қаулы:

Оқушылардың эстетикалық шығармашылық жұмыстары жақсы деп табылсын.

II Тыңдалды

Бейін жөніндегі орынбасар А.Елеуова – 2021-2022 оқу жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар байқауына 9 оқушы қатыстырылды. 2-7 сыныптар аралығындағы «Зерде» ғылыми жобалар байқауына 6 оқушы қатыстырылды. Нәтижесінде ауданнан 14 оқушы жеңімпаз атанды. Оның ішінде I орын 6 оқушы, II орын 3 оқушы, III орын 5 оқушы алды. Облыстық кезеңде 5 оқушы жеңімпаз болып, I орын 2 оқушы, II орын 2 оқушы, III орын 1 оқушы иеленді. Республикалық кезеңге жолдама алған 1 оқушы сертификат иеленді. Аудандық, облыстық ғылыми жобалар сайысының қорытындысы қазіргі уақытта төмендегі кестеде берілген.

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Ғылыми жоба конкурсы атауы аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық	Секциясы, тақырыбы	Уақыты, алған орны	Жетекшісі
1	Сатыпалды Саят	11	Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жоба байқауы Аудан	Жер және ғарыш туралы ғылымдар, «Жердің табиғи серігі Ай арқылы жерді қоқыстардан тазарту»	10.11.2021ж II	Ордабаев Мансур
2	Амангелдин Жалғас	10	Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жоба байқауы Аудан	Қоршаған орта және адам денсаулығы, «Жергілікті жердің топырақ жамылғысын жақсарту жолдары»	10.11.2021ж II	Елеуова Акбала
	Ғабидуллаұлы Саясат	10	Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жоба байқауы Аудан	Қоршаған орта және адам денсаулығы, «Жергілікті жердің топырақ жамылғысын жақсарту жолдары»	10.11.2021ж II	Елеуова Акбала
3	Асхатқызы Айбану	10	Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жоба байқауы Аудан Облыс	Химия, «Өсімдіктің өсуіне пайдалы коспалар»	10.11.2021ж I 27.11.2021ж I	Атшыбаева Ғайша
4	Ғаділбекқызы Арайлым	11	Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жоба байқауы Аудан Облыс	Өлкетану, «Маңғыстау өлкесінің су қорларын жасау»	10.11.2021ж I 27.11.2021ж II	Елеуова Акбала
5	Мұханбетбаева Жанерке	11	Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жоба байқауы Аудан Облыс	Өлкетану, «Маңғыстау өлкесінің су қорларын жасау»	10.11.2021ж I 27.11.2021ж II	Елеуова Акбала
6	Кәдірбекова Мәдина	11	Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жоба байқауы Аудан Облыс	Әдебиет, «Қазақ тілінде зоонимдердің қолданылуы»	10.11.2021ж I 27.11.2021ж III	Саржанова Күнімкул

7	Қуан Ақжарқын	7	Зерде ғылыми жоба байқауы Аудан	Экология, Жәндіктердің жер бетінен жойылу қаупі және оның салдары	4.11.2021 III	Атшыбаева Ғайша
8	Теміртасқызы Мөлдір	7	Зерде ғылыми жоба байқауы Аудан	Медицина, «Құркылтайдың ұясы және емдік қасиеттері» Аудан Облыс	4.11.2021 I III	Дюсембаева Эльвира
9	Тұрар Айтқабыл	6	Зерде ғылыми жоба байқауы Аудан	Биология, Мысықтың ерекше бағдарлау қасиеті	4.11.2021 III	Қали Әсел
10	Талғат Аян	6	Зерде ғылыми жоба байқауы Аудан	Этномәдениеттану, «Түркілердің түп негізі Көкбөрі»	4.11.2021 III	Кокишева Гульзира
11	Асхатұлы Санат	2	Зерде ғылыми жоба байқауы Аудан	Экология "Тәтті қауіпті"	4.11.2021 III	Кокишева Гульзира
12	Бекзатұлы Мүсілім	7	Зерде ғылыми жоба байқауы Аудан	Информатика «Ауылдық елді мекендерде интернет желісін жақсарту құрылғысы »	4.11.2021 III	Сенғалиев Нұрбек
13	Қайыр Ақбота	8	Облыстық «Экоэрудит» байқауы Номинация: «Біз экологияны қолдаймыз» Аудан Облыс	«Маңғыстау өлкесінің су қорларын жасау»	19.02 I 23.02 I	Елеуова Ақбала

Сонымен қатар Демеев Ахмет ағайдың ұсынысымен жаңа ғылыми жұмыс тақырыптары оқушылар мен мұғалімдерге таныстырылып, 2022 жылы қорғалатын ғылыми жұмыс тақырыптары бекітілді. Мамыр айында өтетін мектепшілік ғылыми жобалар байқауында осы жұмыстарды тыңдап, жеңімпаз жұмыстарды аудандық кезеңге ұсынылады.

Сұрақ

Г.Кокишева: Бір қорғалған жұмысты екінші жылы қорғауға болады ма?

Сөйлеу

А.Елеуова: Бір қорғалған жұмысты екінші жылы қорғауға болады. Ғылыми жұмысты бір жылда қорғап, зерттеп болмайды. Зерттеу жұмысын оқушы мектеп бітіргенше жалғастыруына болады. Зерттеу жүргізген сайын оқушы жұмысына жаңалықтар мен толықтырулар қосып отырады.

Қаулы:

1. Аудандық, облыстық ғылыми жобалар сайысының қорытындысы тыңдалды есептелінсін;

III Тыңдалды

Бейін жөніндегі орынбасар А.Елеуова - Көркем еңбек пәнінен 5-11 сыныптарға Сельбаева Балхия сабақ береді. Жүктемесі 17 сағат. Санаты педагог-модератор. Еңбек өтілі: 20 жыл.

27.01. күні 5-сыныпта «Тоқыма материалдарын өңдеуге арналған құрал-жабдықтар мен құрылғылар», 8-сыныптар қыздар тобында «Бұйымдарға нобайлар дайындау», ұлдар тобында «Үстел ойынының тұжырымдамасы», 28.01 күні «Сәнді киім дизайны "Fast cloth" қарапайым геометриялық формалар (пончо, кейп, туника) (сән журналдары). Киім және аксессуарлардың заманауи өндірісі» тақырыптарындағы сабақтарға қатыстым. Мұғалімнің сабақ жоспарлары бар, күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарына сәйкес келеді: білім алушылардың қажеттіліктерін ескереді, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Сабақтың әр кезеңінде жеке, жұптық, топтық жұмыстарды қолданып, барлық білім алушыларды белсенді оқуға тартады. Педагог оқыту мақсаттарына қол жеткізу бойынша әрбір білім алушының ілгерілеуін қадағалайды. Сабақ барысында педагог цифрлық білім ресурстары [youtube.com](https://www.youtube.com), [technologystudent.com](https://www.technologystudent.com) платформаларын пайдаланды. Сонымен қатар сабақ барысында бағалау критерийлеріне сәйкес, білім алушыларды бағалау процесіне тартады. Білім алушыларға конструктивті кері байланыс беру үшін жағдайлар жасайды. Мектепке арналған білім платформасы <https://mektep.edu.kz> электронды журналына ұзақ мерзімді жоспары толтырылған. «ProEco» экологиялық жобалар байқауының аудандық кезеңінде «Үздік экологиялық бастама» номинациясы бойынша оқушылары Қорек Арнас пен Әбдіразақ Айбар II орын иеленді. Мұғалім уақытылы пәндік курстардан өтіп отыр.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінен 10-11 сыныптарға Қанатбаев Бекжан сабақ береді. Жүктемесі 8 сағат. Санаты педагог-модератор. Еңбек өтілі: 5 жыл.

04.03.2022ж. күні 10-сыныпта «Ядролық қару және оның сипаттамасы», 04.03.2022ж. күні 11-сыныпта «Техногендік сипаттағы қауіптілік» тақырыптарындағы сабақтарға қатыстым. Мұғалімнің сабақ жоспарлары бар, күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарына сәйкес келеді: білім алушылардың қажеттіліктерін ескереді. Сабақ барысында оқытудың жаңа әдістерін көп қолданады. Барлық білім алушыларды сабаққа белсенді оқуға тартады. Педагог оқыту мақсаттарына қол жеткізу бойынша әрбір білім алушының ілгерілеуін қадағалап, теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға жұмыстар жүргізеді. Сабақ барысында педагог цифрлық білім ресурстары [BilimLand.kz](https://www.bilimland.kz), [youtube.com](https://www.youtube.com) платформаларын пайдаланды. Білім алушыларға кері байланыс беру үшін жағдайлар жасайды. Мектепке арналған білім платформасы <https://mektep.edu.kz> электронды журналына ұзақ мерзімді жоспары толтырылған. Біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіраралық орталығынан «Білім саласы мен ақпараттық ортаның жаңаруы жағдайында «Алғашқы әскери және технологиялық» пәнін оқытудың заманауи тәсілдері» тақырыбында 80 сағаттық (26.10-05.11.2021ж.) курстан өтті.

Сөйлеу

Изтурганова М: Кафедра жетекшісі ретінде пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысып отырамын. Алғашқы әскери дайындық кабинетінің және қажетті оқыту базасының болмауынан сабақтарды толық қамту мүмкіншілігі аз болып тұр. Бірақ мұғалім цифрлық білім беру ресурстарын жақсы пайдаланып отыр. Көркем еңбек пәнінің кабинеті сыртта орналасуына байланысты қыс мезгілінде салқын болады. Сондықтан оқушылар сыныптарында сабақтарын өтіп отыр. Мұғалім оқу бағдарламасына сәйкес тапсырмаларды құрастырып, оқушылармен жұмыстарын жүргізіп отыр.

Қаулы:

1. Көркем еңбек және Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәндерінің берілісі қанағаттанарлық деп есептелсін;

IV Тыңдалды

Оқу-ісі жөніндегі орынбасар Г.Мұттахиқызы - Смадиярова Альбина химия пәнінің мұғалімі . Санатсыз, жас маман. Еңбек өтілі 7 ай. Тәлімгері –Дюсембаева Эльвира. Дюсембаева Эльвира еңбек өтілі де, тәжірибесі мол маман. Педагог- зерттеуші. 7-11 сыныптарға химия пәнінен сабақ береді. 7,8,9- сыныптарда аптасына 1рет негізгі сабақ. Қалғаны факультатив сабақтар. Жүктемесі 10 сағат.

7-сынып 07.03күнгі, 8-сыныпта 1.03 және 15.03 күнгі, БЖБ ға қатыстым. Мұғалімнің сабақ жоспарлар бар, күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарына сәйкес келеді. Білім алушылардың қажеттіліктерін ескереді. Сабақ барысында цифрлық білім ресурстарын пайдаланады. Мектеп еду журналына ұзақ мерзімді жоспары толтырылған. Мұғалім жоспарға сәйкес, бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысын жүргізуде. БЖБ алу кезінде оқушыларды уақытқа бағынуды үйрету керек. Сабақ барысында сасқалақтау, тосылып қалу байқалады. Тәжірибенің аздығынан болар.

Сұрақ

А.Елеуова: Химия пәнінің жас мұғалімі Альбинамен жүргізген жұмыстары туралы тәлімгері Эльвираның есебі бар ма?

Сөйлеу

Г.Мұттахиқызы: Тәлімгері Э.Дюсембаева тоқсан сайын есебін беріп отыр.

Қаулы:

1. Химия пәнінің берілісі қанағаттанарлық деп есептелсін.

V Тыңдалды

Дене нұсқаушысы Н.Асқарұлы - Оқушыларға спорттық шаралардың ұйымдастырылуы және жетістіктеріне тоқталатын болсам.

Спорттық шара:

Баскетбол 20.10.2021ж 9,10,11 сынып.(20 оқушы)

26.10.2021ж 7,8 сынып (12 оқушы)

Волейбол 11.11.2021ж 6,7,8 сынып. (18 оқушы)

3.11.2021ж 9,10,11 сынып (12)

Футбол 17.11.2021ж 5,6,7,8 сынып (15 оқушы)

Футзал 7.12.2021ж 9,10,11 сынып (12 оқушы)

Футбол «балдәурен» 21.12.2021ж 1,2,3,4 сынып (15оқушы)

Дойбы 20.01.2022ж 3,4 сынып (10 оқушы)

Тенис 27.01.2022ж 7,8,9,10,11 сынып (14оқушы)

Футбол 10.03.2022ж 6,7,8 сынып (12 оқушы)

Кір тасын көтеру 15.03.2022ж 9,10,11 сынып (7 оқушы)

Оқушы жетістігі:

Кемелбек Рысбек дзюдодан СШӨ атанды.

Қазақша күрестен тұңғыш Президент күніне арналған аудандық жарыс:

Қанатбай Нұрасыл 3 орын.

Әди Сабыржан 2 орын.

Айытбаев Әбілхайыр 1 орын.

Тұрарұлы Айтқабыл 2 орын.

Самбо күресінен: Айытбаев Әбілхайыр 3 орын
Шағын футбол наурыз мерекесі: Әди Сабыржан 1 орын.
Гір тасын көтеру: Тоқсанбекұлы Әли 2 орын
Қанатбаев Нұрдәурен 2 орын иеленіп, облысқа жолдама алды.

Сұрақ

А.Елеуова: Білім бөлімінің «Оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өтетін спорттық іс-шаралар мен байқауларды өз жоспарларыңызға кіріктіріп, уақытында оқушыларды қатыстырып отырсыздар ма?

Сөйлеу

Н.Асқарұлы: Жоспарда көрсетілген іс-шаралар мен байқаулардың көбі өтпей жатады. Сондықтан спорттық байқаулардан жетістіктеріміз аз болып отыр.

Қаулы:

1. Оқушыларға спорттық шаралардың ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп табылсын;
2. Оқушыларды спорттық байқауларға дайындау пән мұғалімдеріне тапсырылсын, дене нұсқаушысы Н.Асқарұлы бақылау жүргізсін.

VI Тыңдалды

Математика пәні мұғалімі С.Ерболатованың, биология пәні мұғалімі Ә.Қалидің шығармашылық есептері тыңдалды.(қосымша жалғанды)

Сұрақ

Г.Шоланова – Шығармашылық есептері тыңдалып отырған Санжан мен Әселдің іс-тәжірибелері таратылды ма?

Сөйлеу

А.Елеуова – Республикалық оқу-әдістемелік «Білім айнасы» журналына Санжанның 7-сынып алгебра пәнінен «Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру» тақырыбындағы қысқа мерзімді жоспары жіберілді. Сәуір айында келуі керек. Әселдің жұмыстарын алдағы уақытта тарату жоспарлануда.

Қаулы:

Санатқа өтініш берген мұғалімдер Ерболатова Санжан, Қали Әселдің шығармашылық есебі тыңдалды деп есептелінсін;

VI Тыңдалды

Оқу-ісі жөніндегі орынбасар Г.Мұттахиқызы – Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың аудандық кезеңіне 29 оқушы қатысты. Олимпиада қортындысымен I орын 5 оқушы, II орын 2 оқушы, III орын 3 оқушы иеленді. Облыстық кезеңге 7 оқушы қатысып, 2 оқушымыз жүлдегер болды. Олар Жолдасқызы Жаннұр құқық негіздері пәнінен I орын, Уәлихан Арайлым қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен II орын алды.

Сөйлеу

Г.Нурмагамбетова: Олимпиада білім сапасының нағыз көрінісі. Оқушылардың олимпиададан жетістіктері аз. Олимпиадаға қатысатын оқушылардың дайындығын күшейту керек.

Қаулы:

Аудандық, облыстық пәндер олимпиадасының қорытындысы тыңдалды деп есептелсін;
Пән мұғалімдері олимпиадаға дайындықтарды күшейту тапсырылсын, бақылау басшылық жүргізу
Г.Мұттахиқызына міндеттелсін.

ҚОСЫМША ЖАЛҒАНДЫ: Күн тәртібіндегі мәселелер

Жиналыс төрайымы:



А.А.Елеуова

Хатшы:



Қали Әсел

Мамыр айындағы №5 әдістемелік кеңестің

х а т т а м а с ы

Өтілген күні: 26.05.2022ж

Қатысуға тиісті: 17

Қатысқандар: 16

Тақырыбы: «Рефлексия- табысты оқытудың бағдары»

Күн тәртібінде:

1. Тәлімгерлердің жұмысының қорытынды есебі
2. IV тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі
3. Педагог қызметкерлерді аттестаттау қорытындысы.
4. Шығармашылық топ, ӨБ есебі.
5. Мектепшілік факультатив, үйірме жұмысының қорытындысы
6. Алгебра, геометрия пәндерінің берілісі
7. Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру қорытынды есебі

I Тыңдалды

Тәлімгер Г.Кокишева: Жас маман Мурабекқызы Нұрсамалдың тәлімгері бола отырып, негізгі мақсаттары мен міндеттерді анықтадым. «Mekterp.edu.kz» білім платформасының талаптарымен таныстырып, дұрыс толтыру және сабақтарына қатысып, көмек керек жерлеріне бағыт –бағдар бердім.

Оқу ісінің меңгерушісі Г.Мұттахиқызы мен директордың бейін жөніндегі орынбасары А.Елеуова сабақтарына қатысып, ескертулер берді. Ескертулерді жою жолында жұмыстар жүргізіліп отырды.

«Бала шақтан болашаққа» атты апталықта қазақ тілінен «Зат есімнің жіктелуі» тақырыбына ашық сабақ өткізді. Сонымен қатар 2-4 сынып аралығында «Шынықсаң шымыр боласың» спорттық шара ұйымдастырды. 9 мамырға орай «Жеңіс туы желбіресін» атты ашық тәрбие сағатын өткізді.

10.03.2022ж бастап өзінің өтініші бойынша математика және қазақ тілі пәндерінен сабақ бермейді.

Жарты жыл бойынша жас маманмен жүргізілген жұмысқа қорытынды жасайтын болсам: Нұрсамал тәжірибелі мамандардың іс-тәжірибесін үйрену мақсатында, сабақтарды сапалы өткізудің практикалық әдістері мен тәсілдерін үйрену үшін сабақтарға көбірек қатысуы керек. Сабақ өткізу кезінде теориялық білімінің де кемшін тұстары байқалды. Балалармен жақсы қарым қатынаста болғанымен сабақ өткізу барысында ескерту алған жағдайлары болды.

Болашақта мамандығын меңгеруі үшін ерінбей жұмыстану керектігі ескертілді.

Тәлімгер П.Куанова: Оқу жылының басында жас маман Балтабаева Жаннұрға тәлімгер болып тағайындалдым. Жылдық жоспар құрып, сол бойынша жұмыс жасалып отырды. «mekterp.edu.kz» мектепке арналған білім платформасының талаптарымен таныстырып, дұрыс толтыру үйретілді. Жас маманға 26.11.2021 жылы Ұлттық біліктілік тестілеуден 77 ұпай жинап, 3.12.2021 жылы №111/1-нқ бұйрығымен Ағылшын тілі мұғалімі лауазымы бойынша педагог-модератор біліктілік санаты берілді. Жас маман ретінде көптеген ашық сабақтар мен апталықтарға белсене қатысып, апталықтарда біліктілігі жоғары мұғалімдерден тәжірибе алды.

Жас маман Балтабаева Жаннұрдың балалармен қарым қатынасы жақсы, адамдармен тез тіл табыса алады. Сабақтарында АКТ-ны жақсы қолданады. Дегенмен, мұғалім сабақ үстінде көп сөйлеп кететіндіктен балалардың сабаққа қатысы көрінбей қалып отырады. Әлі де болса, балалармен сұрақ-жауап алмасып, сөйлесімді дамытуы керек, балаларды мәтінмен жұмыс жасауға үйретіп, көбірек

сөйлетуге дағдыландыру керектігі өзіне де ескертілді. Жаннұрға сұрақ қойғанда, сөйлем құрағанда грамматикалық қателерді түзетуі үшін әлі де көбірек ізденуі керек.

Тәлімгер Э.Дюсембаева: 2021 - 2022оқу жылында жас маман Смадиярова Альбинаның тәлімгер болып тағайындалды. Ең алдымен жас маманды нормативті-құқықтық құжаттармен таныстырып, оқу-тәрбие үдерісіне бейімдеу мақсатында , мектеп құжаттарын рәсімдеу талаптары туралы түсіндірдім. ӘНХ таныстырып, педагог құқықтары және сабақты өткізу ережелерімен атап өттім. Сағат жүктемесін ескере отырып, сабақ кестесі мен күнтізбелік - тақырыптық жоспарды құрастырып жазуға үйреттім. Сондай –ақ, күнделікті сабақ жоспарларының ,жас ұстазға күнтізбелік сабақ жоспарларының құрылымын әзірлеуге үйретіп ақыл-кеңесімді беріп отырдым. Альбинаның бірнеше сабақтарына қатысып , көмек керек жерлеріне бағыт -бағдар беріп келемін. Кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында «Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту», «Білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға бағытталған педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында курстардан өтіп, сертификат алды

Тәлімгер Г.Шоланова: 2021 - 2022оқу жылында 01.10.- нан бастап, жас маман Балтабаева Гүлмираға тәлімгер болып тағайындалды. Ең алдымен жас маманды нормативті-құқықтық құжаттармен таныстырып,оқу-тәрбие үдерісіне бейімдеу мақсатында , мектеп құжаттарын рәсімдеу талаптары туралы түсіндірдім.ӘНХ таныстырып, педагог құқықтары және сабақты өткізу ережелерімен атап өттім. Сағат жүктемесін ескере отырып, сабақ кестесі мен күнтізбелік - тақырыптық жоспарды құрастырып жазуға үйреттім. Сондай –ақ, күнделікті сабақ жоспарларының ,жас ұстазға күнтізбелік сабақ жоспарларының құрылымын әзірлеуге үйретіп ақыл-кеңесімді беріп отырдым. Гүлмираның бірнеше сабақтарына қатысып , көмек керек жерлеріне бағыт -бағдар беріп келемін. Сыныптағы дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасау жоспары құрылып, іске асуда. Оқу үрдісінде керек материалдарды арнайы папкаға жинақтауды кеңес бердім. Жас маманның шығармашылық портфолиосы мен оқушылардың портфолиосын жинақтауға бағыт бердім. Алдағы уақытта жас маманмен жоспарланған жылдық жұмыс жоспары әрі қарай іске асуда.Жалпы қорыта келгенде,Гүлмира педагогикалық жұмысқа бейімі бар, сыныппен жұмыс істей алады, әр іске жауапкершілікпен қарайды. Тәжірибелі педагогтар іс –тәжірибесін үйрену мақсатында , сабақтарды сапалы өткізудің практикалық әдістері мен тәсілдерін үйрену үшін сабақтарға қатысып жүр.Келешекте жақсы ұстаз болатынына сенімдімін.

Сөйлеу

А.Елеуова: Республикалық ғылыми-әдістемелік «Білім айнасы» журналына жас мамандардың ашық сабақтары жарияланды.

Қаулы:

Тәлімгерлердің жұмысының қорытынды есебі тыңдалды деп есептелсін;

II Тыңдалды

Оқу ісі жөніндегі орынбасар Г.Мұттахқызы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 21 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5191 болып енгізілді. Осы бұйрық негізінде БЖБ мен ТЖБ алынып, талдаулары 472 бұйрық үлгісімен жасалды. Аптасына бір рет болатын сабақтардан тоқсанына бір рет БЖБ алынады. Биылғы оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып, әр тоқсан сайын БЖБ мен ТЖБ кестесі жасақталып, бекітіліп отыр. Сол негізде ІҮ тоқсан бойынша, яғни ІІ жарты жылдықтың қорытындысымен төмендегі кестеде көрсетілгендей пәндер бойынша талдаулар жасалды. (Қосымша жалғанды)

Сөйлеу

Г.Нурмагамбетова: Оқушылардың жиынтық бағалау тапсырмалары бойынша білім сапасының жоғары екендігі көрініп тұр. 11-сыныптың алдағы қорытынды аттесттау емтихандарының және ҰБТ бойынша қорытынды бағаларының нәтижесі сапалық көрсеткіштерін көрсеткені анық. Ал жазғы мектепті ұйымдастыру барысында оқушылардың білім мен тәрбиесіндегі олқылықтардың орнын толтыруымыз қажет.

Қаулы:

IV тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі тыңдалды деп есептелінсін және жазғы мектепті ұйымдастыруда білім сапасын ілгерілету жұмыстарын ұйымдастыру оқу ісі жөніндегі орынбасар Г.Мұттахиқызына тапсырылсын.

III Тыңдалды

Оқу ісі жөніндегі орынбасар Г.Мұттахиқызы: 03.12. 2021 ж. күні аттестаттау комиссиясының №111/1-нқ бұйрығы бойынша тарих пәні мұғалімі Есболаев Райымбек және ағылшын тілі пәні мұғалімі Балтабаева Жаннұрға педагог-модератор біліктілік санаттары берілді. 17.03.2022ж. күні дене шынықтыру пәні мұғалімі З.Әлішбаева мен биология пәні мұғалімі Ә.Қалидың аттестаттау мерзімінің аяқталуына байланысты II біліктілік санаттары тоқтатылды. Басышы, орынбасар санаттарына өтініш берген қызметкерлердің портфолиолары аудандық білім бөлімдеріне уақытына тапсыруды жоспарлап отырмыз. Әзірге басқа өтініш берген педагог қызметкерлер жоқ.

Сөйлеу

А.Елеуова: Біліктілік санаттары тоқтатылған пән мұғалімдері бірнеше рет тестілеуге қатысып, өз пәндерінен ұпай сандары жетпей жүр. Бұл мұғалімдер көбірек тест сұрақтарымен дайындық жасаулары керек.

Қаулы:

Кезекті аттестаттаудан өтетін педагог қызметкерлер дайындық жұмыстарын жетілдірсін, бақылау жүргізу Г.Мұттахиқызына тапсырылсын.

IV Тыңдалды

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі Ж.Бекболатова: Гуманитарлық пәндер бірлестігі 2021-2022 оқу жылын жаңа құраммен бастады. Бірлестік құрамына жас мұғалімдер кірді. Жанғали А., Балтабаева Ж, Есболаев Р. Жастығына қарамастан тәжірибелі мұғалімдермен қатар біраз жұмыстар атқарды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша Аманқосова С., Жанғали А. сабақ береді. Тарих пәні бойынша- Есболаев Р., ағылшын тілі- Қуанова П., Балтабаева Ж., орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша Бекболатова Ж. Барлық бірлестік мүшелері жыл басында «Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту» 24.08.2021ж №19069 «Өрлеу»БАҰО АҚ курсына қатысып сертификат алды. Және РІЗА халықаралық бағдарламасы бойынша курстан өтіп сертификат алды.

Қарашаның 22-26ы аралығында болған «Мәңгілік ел- мәртебелі тіл» атты апталық өткізіп, пән мұғалімдері ашық көрнекі сабақ өткізді. Ақпанның 2- 17і аралығында Педагогикалық идеялар форумының аясында өткен Шетпе лицейі мектебімен тәжірибе алмасу іс- шарасы мақсатында екі мектептің мұғалімдері көрнекі сабақ көрсетіп, оны талдады.

Бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі Г.Кокишева: Әдістемелік бірлестігінде барлығы 4 бастауыш сынып мұғалімі бар. Сапалық құрамымыз: 1 мұғалім шебер,1 сарапшы,1 санатсыз. Бастауыш сыныпты 87 оқушымен яғни, 41ұл,46 қызбен бастадық. Тамыз айында бірлестік отырысы болды. Онда әдістемелік бірлестіктің өткен жылғы жұмысына талдау жасалды. Әр сынып жетекшілері Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2021 жылғы 13 мамырдағы № 5

хаттама). 2021-2022 оқу жылынан бастап қосымша енгізілетін жалпы білім беретін, арнайы және мамандандырылған мектептерге арналған төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары қарастырылып бекітілді.

1 қыркүйек Білім күніне байланысты барлық сынып жетекшілер «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында алғашқы сабақтарын өткізді.

Бастауыш сынып оқушылары мектепшілік, аудандық, облыстық көлемде ұйымдастырылған барлық шараларға белсенді қатысып отырды. Бастауыш сынып бірлестігінің «Бала шақтан – болашаққа» атты 21-25 ақпан аралығында апталығы өтті.

Жеке тоқталатын болсақ, қашықтықтан «Ұстаз тілегі» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған Кім білгіш? Блиц-турниріне және «Жас математик» онлайн байқауына 2-сынып оқушылары қатысты. Мектепшілік «Сүйемін, өскен Отаным» мәнерлеп оқу сайысына Серікболқызы Ақырыс, Сағынғали Аянат, Мүсілімқызы Мадиналарды қатыстырса, «Қазақстан болашағы – балалар көзімен» тақырыбындағы оқушылар арасындағы сурет салу сайысында Талғат Айзада, Біләл Фатима, Мүсілімқызы Мадина, Мереке Бергей, Сайын Нұрсая қатысып, жүлделі орындар иеленді. Сонымен бірге «Жұлдызды 30 кітап» сайысына қатысып, оқушылары Бәліл Фатима екінші орын, Науайы Айару 3-орын дипломдарымен марапатталды. «Зерде» ғылыми жоба байқауының аудандық кезеңінен Кокишева Гулзира дайындаған Асхатұлы Санат III орын иеленді. «Бастау» математикалық турнирінің аудандық кезеңінен 2-орынды 4-сынып оқушысы Амандық Айзере, 3-орынды 2-сынып оқушысы Асылбек Әлихан алды. Ал, аудандық бастауыш сыныптар олимпиадасында 3-сынып оқушысы Мүсілімқызы Мадина 2-орын алды. Мұттахиқызы Гулжан «Жүзден жүйрік-мыңнан тұлпар» атты білгірлер сайысын 3-4 сынып оқушылар арасында өткізді.

Апталыққа белсене қатысқан оқушылар дипломдармен марапатталды.

Барлық мүмкіндікті пайдаланып бастауыш сынып мұғалімдері сабақ өткізу әдістемесін жетілдірді, ақпараттық технологияларды белсенді пайдаланды, оқушылармен жеке жұмыс жүргізді. Нәтижесінде жылдық қорытынды бойынша 24 үздік оқушы болды.

Жаңа оқыту бағдарына бет бұру күн тәртібіндегі басты мәселе. Жаңа технологиялардың артықшылығы-білім беруді ізгелендіру мен демократияландыру қағидаларынан көрінеді. Біздің негізгі мақсатымыз: жаңа инновацияларды өз сабағымызға енгізіп және жоғарғы деңгейінде қолдану арқылы оқушыларымыздың білім сапасын көтеру үшін одан әрі жұмыстану.

Эстетикалық пәндер бірлестігінің жетекшісі М.Изтурганова: : 2021-2022 оқу жылында бірлестікте 1 шебер, 1 зерттеуші, 1 сарапшы, 3 модератор, 1 санатсыз педагог жұмыс жасады. Оқу жылының ішінде түрлі байқаулардан оқушыларымыз республикалық, облыстық, аудандық деңгейде байқауларға қатысып, жүлдегер атанды. Пән мұғалімдері апталықтарда іс-тәжірибелерімен бөлісіп, ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар өткізді. Оқушылардың арасында 50 оқушымен хор және домбыра оркестр құрылып, жұмыс жасауда. Сабақтан тыс уақыттарда дене шынықтыру пәні мұғалімдері оқушыларға сергіту дене жаттығуларын жүргізіп отырды. Жаратылыстану пәндері бірлестігінің жетекшісі С.Ерболатова: 2021-2022 оқу жылында бірлестікте 1 шебер, 1 зерттеуші, 3 модератор, 2 санатсыз педагог жұмыс жасады. Пән мұғалімдері А.Елеуова, С.Ерболатова, Р.Есболаев, А.Мұстафиннің оқушылары республикалық, облыстық деңгейдегі олимпиадалар, ғылыми жоба және түрлі байқаулардың жеңімпаздары атанды. Барлық мұғалімдер «Білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға бағытталған педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы 52 сағаттық курстан өтті. Сонымен қатар республикалық, облыстық, аудандық семинарларда А.Елеуова, Р.Есболаев, Г.Шоланова, А.Мұстафин, С.Ерболатовалар ашық сабақтар мен баяндамаларын оқып, іс-тәжірибесін таратты.

Сұрақ

Ж.Есбергенова: Оқу жылында жақсы жетістікке жеткен пән мұғалімдерін марапаттарға ұсыну керек.

Сөйлеу

Г.Мұттахиқызы: Оқу жылының мониторингісі бойынша пән мұғалімдері марапаттауларға ұсынылады. Ол маусым айындағы пед кеңесте тыңдалады.

Қаулы:

Шығармашылық топ, ӘБ есебі тыңдалды деп есептелінсін

V Тыңдалды

Қосымша білім бер педагогі С.Аманқосова: 2021-2022 оқу жылы 80 факультатив, 7 ақылы, 2 ақысыз үйірме жұмыс жасады. Факультатив сабақтармен оқушылар түгел қамтылды. Пайызы 100%.
Үйірмеге мектептегі 207 оқушының 126 қатысады. Пайызы 61% Қосымша сабақтар кестесі жасалып бекітілді. 2021-2022 оқу жылына қосымша білім беру педагогының жылдық жоспары жасалып бекітілді. 2021-2022 оқу жылында 1-11 сыныптар бойынша базалық оқу жоспарының (вариативтік) бөлім факультативтік сабақтар 31.08.2021 ж. күнгі №1 пед.кеңесте бекітілді. 77 факультатив, 7 ақылы, 2 ақысыз үйірме бар. Қосымша сабақтар кестесі жасалып бекітілді. Сабақ жоспары аудандық білім үйлестіру орталығымен келісіліп бекітілді. Барлық факультатив сабақтар mekterp.edu платформасына салынды. Үйірме сабақтар бойынша бес асық және әнші-бұлбұлдар үйірмесіне қосымша қағаз жоспар жасалды. Балалардың өмір қауіпсіздігінің алдын алу. Көп жағдайларда өз өмірін сақтап қалу және өз жақындарының өмірін сақтап қалу үшін қарапайым ережелерді білуіне байланысты болады. Мысалы: Төтенше жағдайлар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсете білу, сақтана білу тағысын тағы. Өмір қауіпсіздік негіздерін әрқайсысы білу керек және түсініп отыру керек. Өз уақытында бәрін дұрыс жасауды денсаулыққа және өмірге қаншалықты маңызды екенін білу керек.

Сұрақ

Г.Кокишева: Үйірме жұмыстары арқылы оқушылардың экскурсиялар мен саяхаттарға шығуында қандай жұмыстар атқарылды?

Сөйлеу

«Туризм» үйірмесінің жетекшісі А.Мұстафин оқушыларды «Шеркала-Айрақты», «Отпан тау» бағыттарында саяхат сабақтар ұйымдастырды. Алайда бір оқу жылына бұл аз.

Қаулы:

Мектепшілік факультатив, үйірме жұмысының қорытынды есебі қанағаттаналдық деп есептелінсін және келесі оқу жылында олқылықтарды ескере отырып жоспар құру С.Аманқосоваға тапсырылсын.

VI Тыңдалды

Қосымша білім бер педагогі С.Аманқосова: Алгебра, геометрия пәнінен 5,9,10,11-сыныптарға Шоланова Гүлзина сабақ береді, педагог – зерттеуші. Еңбек өтілі жыл 38 жыл. 6,7,8 сыныптарға Ерболатова Сәнжан сабақ береді, педагог-модератор. Еңбек өтілі 9 жыл.

19.04.22 ж 10-сыныптың «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар» тақырыбындағы сабағына, 11.04.22ж. күнгі 5-сыныптың «Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу» сабағына қатыстым. Мұғалімнің сабақ жоспарлар бар, күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарына сәйкес келеді. Білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар дайындаған. Сабақ барысында цифрлық білім ресурстарын пайдаланады. Bilim lend тапсырмаларын, бейне сабақтарын пайдаланады. Аптасына бір рет болатын сабақтан тоқсан сайын бір бжб алып отыр.

8.04 6-сыныптағы «Қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару. Іріктеу тәсілі арқылы комбинаторикалық есептер шығару» тақырыбындағы сабағына және 4.05 күні 8-сыныптың «Квадрат теңсіздіктерді шешу» тақырыбындағы сабағына қатыстым. Мұғалімнің сабақ жоспарлар бар, күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарына сәйкес келеді. Білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар дайындаған. Сабақ барысында цифрлық білім ресурстарын пайдаланады. Мектеп еду журналына ұзақ мерзімді жоспары толтырылған. Мұғалім жоспарға сәйкес, бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысын жүргізуде. Биылғы оқу жылында 6-сынып оқушылары ауыл балаларына арналған Республикалық «Мың бала» олимпиадасынан жүлдегер атанды. Аудан көлемінде іс-тәжірибесі таратылды.

Қаулы:

- Алгебра, геометрия пәндерінің берілісі қанағаттанарлық деп табылсын;
- Үздік сабақтары баспа беттеріне жариялансын;
- Ерболатова Сәнжанның пән бойынша курстан өту керектігі қаперге алынсын;

VI Тыңдалды

Бейін жөніндегі орынбасар: 2021-2022 оқу жылы «Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру» жоспары жасалып, бекітілді. Мақсаты: Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Оқушыларды, ата-аналарды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету. Оқушылармен «Менің болашақ мамандығым» сурет сайыс (5-7 сыныптар) «Не? Қайда? Қашан?» атты мамандық туралы викторина (7-8 сыныптар) «Мамандыққа саяхат». Мамандық әлемімен таныстыру. Тренинг (9-11 сыныптар) Жобалар қорғау. «Технология» бағдарлама аясында, «Менің арманымдағы мамандық» шығармашылық сайыс (7-9с), ата-аналармен «Мамандықты дұрыс таңдау. Аймақтық нарықтық еңбек» (8-9 сыныптар), «Жоғары оқу орындарына түсу шарттары» (11 сынып) тақырыптарында іс –шаралар өтті. Наурыз айында Маңғыстау техникалық колледжіне 9-сынып оқушыларына арналған экскурсиялар ұйымдастырылды.

05.04.2022ж. күні Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқуға қабылдау комиссиясының мүшелері 11-сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Жас түлектерді университеттің мамандықтары және гранттарымен таныстырып, оқуға шақырды. Әлемдік стандарттарға сәйкес білім беретін өлкеміздің оқу ордасы туралы мәліметтер берілді. 06.04.2022ж. күні Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті өкілдері мектебіміздің 11-сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Жоғарғы кәсіби білім берудің 35 білім беру бағдарламасын және магистратура(24) мен докторантураның (6) (PhD) 24 білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын аймақтағы бірден-бір және Қазақстанның аграрлық-техникалық бағыттағы көп салалы және жетекші оқу орындарының бірі екендігі туралы мәліметтермен таныстырды. 10.03.2022ж. күні 11-сынып оқушылары Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университетінің мамандарымен онлайн кездесу 12.04.2022ж. күні 11-сынып оқушылары С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің өкілдерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында университеттегі мамандықтар мен техникалық базасының жабдыкталуы туралы мәліметтер алды. Рудный индустриалдық институты онлайн режимінде 11-сынып оқушыларына таныстырылым жасады. Институт құрамында – 3 факультет (тау-металлургиялық факультет, энергетика және ақпараттық жүйелер факультеті, экономика және құрылыс факультеті), 7 кафедра бар. Студенттерді оқыту жалпы орта, техникалық және кәсіби, жоғары білім базасында күндізгі, кешкі және сырттай оқу нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде 18 бакалавр мамандықтары бойынша жүргізіледі. Осы жылдар ішінде Рудный индустриалдық институт қабырғасында көбісі ірі басшы, бизнесмен, мемлекеттік қызметкер және көрнекті ғалым болған 25 мыңнан астам жоғары білім мамандары даярлайтындығы айтылды.

Сөйлеу

Ж.Есбергенова: Оқушылардың бейіндік бағытын анықтау арқылы жоспарлы жұмыс жүргізудің маңызы зор. Биылғы оқу жылында көптеген жұмыстар атқарылды. Алайда әліде жетістіретін тұстарымыз көп.

Қаулы:

Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру қорытынды есебі тыңдалды деп есептелінсін және келесі оқу жылында олқылықтарды ескере отырып жоспар құру А.Елеуоваға тапсырылсын.

ҚОСЫМША ЖАЛҒАНДЫ: Күн тәртібіндегі мәселелер

Жиналыс төрайымы:

А.А.Елеуова

Хатшы:

Қали Әсел